

Еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік және құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы қолданудың сот практикасын қорыту

Астана қаласы

2023 жылғы 31 мамыр

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік және құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы қолданудың сот практикасына қорыту жүргізілді.

Қорытудың мақсаты істердің көрсетілген санаттағы істер бойынша сот практикасын зерделеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық мәселелерді анықтау, заңнаманың біркелкі қолданылуын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Қорыту жергілікті соттар 2021-2022 жылдары және 2023 жылдың қаңтар-сәуірінде қараған азаматтық істерді, облыстық соттардың талдамалық анықтамаларын, сондай-ақ Жоғарғы Соттың кассациялық практикасын зерделеу негізінде жүргізілді.

Нормативтік база

Қорытылатын санаттағы істерді қарау кезінде қолдануға жататын негізгі нормативтік құқықтық актілер:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім); 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – АК);

2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі (бұдан әрі – АПК);

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі - Еңбек кодексі);

2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) (бұдан әрі - Салық кодексі);

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң);

«Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - «Құқық қорғау қызметі туралы» Заң);

«Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі;

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды өткізу қағидалары мен мерзімі; Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары; Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы б) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 6 наурыздағы № 4; «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 610-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының және 2-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 22 ақпандағы № 3 нормативтік қаулылары;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының: «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 6 қазандағы № 9; «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7; «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5; «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулылары;

«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығы (бұдан әрі – № 246 бұйрық). Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 22 қазандағы № 830 бұйрығымен күші жойылған.

Статистикалық деректер қосымшада келтірілген

Облыстық соттар қаралған істердің саны туралы деректерді келтіре отырып, статистикалық есептілікте осы санаттағы істердің бөлек бағаны жоқтығына, цифрлар аудандық (қалалық) соттардың мәліметтері негізінде келтірілгеніне назар аударды.

Жоғарыда келтірілген деректер көптеген өңірлерде 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы келіп түскен талаптар қоюлардың да, шешім шығарумен қаралғандардың да, сондай-ақ апелляциялық тәртіппен шағым келтірілген сот актілерінің санының өскені байқалғанын көрсетеді. Тиісінше, күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің саны артты.

Мәселен, республика соттарына 2022 жылы қорытылатын санат бойынша - 987 талап қою түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 68-ге артық (919).

2021 жылы аяқталған істер саны 675-ті (73,4%) құрады, оның ішінде шешім шығарылғандар – 496, оның ішінде өтініші қанағаттандырылғандар – 138 (20,4%), қанағаттандырудан бас тартылғандар – 359 (53,1%), іс бойынша

іс жүргізу тоқтатылғандар – 47 (7%), өтініш қараусыз қалдырылғандар – 119 (17,6 %), соттылығы бойынша жолданғандар – 10 (1,5%).

Оның ішінде апелляцияға 328 іс бойынша шағым келтірілді, оның ішінде шешімдердің күші жойылғаны – 31 (9,5 %), өзгертілгендер – 22 (6,7%), өзгеріссіз қалдырылғандар – 273 (83,2%).

Кассацияда 31 іс қаралды, оның ішінде күші жойылғаны – 17 (54,8 %), өзгертілді – 0, өзгеріссіз қалдырылған – 4 (13 %);

Бірінші сатыдағы соттың шешімдерін күшінде қалдыра отырып, күші жойылған қаулылар – 9 (52,9 %), Түркістан облысы – 5, Шымкент қаласы – 2, Жамбыл облысы – 1, Ақмола облысы – 1, жаңа шешім қабылданғандар – 3, жаңадан сот қарауына жіберілгендер – 5.

2022 жылы аяқталған істер саны 750 (76%) құрады, оның ішінде шешім шығарылғаны – 575, оның ішінде өтініші қанағаттандырылғандар – 159 (21,2%), қанағаттандырудан бас тартылғандар – 404 (53,8%), іс бойынша іс жүргізу тоқтатылғандар – 59 (8%), өтініш қараусыз қалдырылғандар – 103 (13,7 %), соттылығы бойынша жолданғандар – 14 (1,9%).

Оның ішінде апелляцияға 389 іс бойынша шағым келтірілді, оның ішінде шешімдердің күші жойылғаны – 40 (10,3 %), өзгертілді – 56 (14,4%), өзгеріссіз қалдырылды – 281 (72,2%).

Кассацияда 28 іс қаралды, оның ішінде күші жойылды – 11 (39,3 %), өзгертілді – 2 (7,1 %), өзгеріссіз қалдырылды – 2 (7,1 %);

Бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдыра отырып, күші жойылған қаулылар – 4 (36,3 %), ШҚО – 2, Алматы қаласы – 1, Жамбыл облысы – 1, жаңа шешімдер қабылданды - 7.

2021-2022 жылдары көрсетілген істер бойынша барлық аяқталған істер санынан шешім шығарып, көп қараған соттар: Астана қаласының соттары - 145 (85%), Түркістан облысы - 120 (60,6 %), Алматы - 111 (69,4 %), Қостанай облысы - 88 (74%).

Қараған істер саны ең аз: СҚО соттары - 14 (73,6%), Алматы облысы - 17 (81%), Атырау облысы - 24 (92,3 %).

Жалпы ережелер

Соттылық

АПК-нің 26-бабына сәйкес осы санаттағы азаматтық істерді аудандық және оларға теңестірілген соттар қарайды.

М. «Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-ге жұмысқа қайта алу туралы талап қоюмен жүгінді.

Өскемен қалалық сотының 2021 жылғы 26 тамыздағы ұйғарымымен талап қою оның мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың соттылығына жататындықтан қайтарылды.

Апелляциялық сатыдағы сот соттың ұйғарымы мынадай негіздер бойынша күші жойылуға жатады деп тапты

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 102-бабының 2-бөлігіне сәйкес жария-күқықтық

катынастардан туындайтын даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады. ӘРПК-нің 3-бабы 7-бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында көзделген істер әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Жария-құқықтық катынастардан туындайтын даулар - бұл бір тараптың екінші тарапқа қатысты жария өкілеттіктері бар жария-құқықтық катынастар, билік пен бағыну катынастары субъектілерінің арасындағы даулар.

М. мәлімдеген талаптың мәні еңбек шартын бұзу туралы бұйрықты, бұрынғы лауазымын қалпына келтірудіе, жалақысын өндіріп алуды және моральдық зиянды өтеуді даулауға байланысты еңбек дауы болып табылады.

Осы мәселе бойынша Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ұстанымы дұрыс деп танылуы тиіс.

Осындай ұстанымды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы ұстанады, оның 2022 жылғы 18 тамыздағы (бап/431) қаулысымен Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2021 жылғы 6 желтоқсандағы ұйғарымы және Жамбыл облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 12 қаңтардағы ұйғарымы күшінде қалды.

Көрсетілген сот актілерімен М. «Тараз қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге қойған қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны және тәртіптік комиссия шешімін заңсыз деп тану туралы талабы ӘРПК-нің 138-бабы екінші бөлігінің 11) тармақшасы негізінде қайтарылды - іс әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Жергілікті соттардың сот актілерін күшінде қалдыра отырып, кассациялық сатыдағы сот мыналарды көрсетті.

ӘРПК-нің 4-бабы 9) тармақшасының ережелеріне сәйкес әкімшілік талап қою (талап қою) – жария-құқықтық катынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап;

Шағым келтіріліп отырған қорытынды мен тәртіптік комиссияның шешімі мемлекеттік органның жария-құқықтық тұрғыдан қабылданған өкімгерлік актілері болып табылмайды, талап қоюшы үшін құқықтар мен міндеттерді туғызбайды, ұсынымдық сипатта болады.

Сонымен қатар, көрсетілген құжаттар сот актілерінде талап қоюшы атқарған қызметінен босату туралы бұйрыққа шағымданған кезде дәлел ретінде бағалау мәні болды.

Осы санаттағы даулардың соттылығы АПК-нің 29-бабында белгіленген жалпы қағидалар бойынша айқындалады - талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы К. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күшін жою туралы талап қоюы бойынша іске қатысты Өскемен қалалық соты

шешімінің күшін істің жауапкердің Астана қаласында, орналасқан жері бойынша қаралуына байланысты жойды.

АПК-нің 30-бабының 12-бөлігіне сәйкес бірнеше жауапкерге талап қоюлар талап қоюшының таңдауы бойынша жауапкерлердің бірінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

Е. сотқа «ҚР Ішкі істер министрлігінің Көліктегі полиция департаменті» РММ,-ге «Қандығаш станциясының полиция бөлімі» ММ-ге бұйрықтың күшін жою туралы қойған талабымен жүгінді.

Мұғалжар аудандық сотының ұйғарымымен іс жауапкер - Көліктегі полиция департаментінің орналасқан жері бойынша Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотына соттылығы бойынша жіберілді.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күшін жоя отырып, апелляциялық сот іс бойынша екінші жауапкердің талапкер еңбек қатынастарында тұрған «Қандығаш станциясының полиция бөлімі» ММ екенін көрсетті, сондықтан жауапкерлердің біреуінің орналасқан жері бойынша талап қою талапкердің құқығы болып табылады.

Мемлекеттік баж

Салық кодексінің 616-бабының 1) тармақшасына сәйкес соттарда талапкерлер – еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талап қою және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Демек, талап қоюшы бұйрықты заңсыз деп тану және күшін жою, бұрынғы лауазымын қалпына келтіру және мәжбүрлі жұмыстан босатылған уақыт үшін жалақыны өндіріп алу, өзге де төлемдерді (төленбеген жалақы, пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы және т.б.) өндіріп алу туралы талаптары бойынша мемлекеттік бажды төлемейді.

Бұл ретте еңбек заңнамасында моральдық зиянды өтеуді өндіріп алу мүмкіндігі көзделмегенін ескеру қажет, мұндай талаптар қанағаттандырылған кезде соттар «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес ҚР Конституциясының 24-бабын және АҚ-нің 47-тарауының (951, 952-баптар) нормаларын басшылыққа алады. Демек, моральдық зиянды өтеуді өндіріп алу туралы талапты қамтитын талап арыздардан мемлекеттік баж мүлдіктік емес сипаттағы талап ретінде айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) 50% мөлшерінде алынады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

«Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 16-тармағына сәйкес өтелуге жататын мемлекеттік

баж мөлшерлемесі талапкердің кім - жеке немесе заңды тұлға болуына қатысты анықталады.

Демек, жауапкерден жалақыны өндіріп алу туралы талап қою қанағаттандырылған жағдайда талап қою сомасының 1% мөлшерінде, сондай-ақ мүліктік емес сипаттағы барлық талаптар бойынша АЕК-тен 50% мөлшерінде мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндіріп алуға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді.

Заңды тұлғаның қызметкерге материалдық залалды өтеу туралы талап қоюы қанағаттандырылған жағдайда, талап қоюшының пайдасына талап қою сомасының 3% мөлшерінде өзі төлеген мемлекеттік баж өндіріп алуға жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 22 ақпандағы № 3 нормативтік қаулысымен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 610-бабы 2-тармағының ережелері әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау жөніндегі конституциялық құқыққа нұқсан келтіруге және оны шектеуге алып келетін «осындай даулар бойынша әкімшілік талап қою, талап арыз (арыз) берілген кезде» деген сөздер бөлігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына және 14-бабына сәйкес келмейді деп танылды.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 наурыздағы № 213-VII ҚРЗ Заңымен Салық кодексінің 610-бабына өзгерістер енгізіліп, 2-тармақ мынадай редакцияда жазылды: «Төрелік шешімдерінің күшін жою және төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарға, мүліктік емес және мүліктік сипаттағы даулар бойынша соттардың шешімдері мен қаулыларына сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхаттардан мемлекеттік баж жолданым субъектісі үшін осы баптың 1-тармағында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінің 50 пайызы мөлшерінде алынады.».

Бұдан материалдық залалды өтеу туралы сот актілерін қайта қарау туралы кассациялық өтінішхат берген кезде жауапкер - қызметкерден жеке тұлғалар үшін мемлекеттік баждың тиісті ставкасынан 50% мөлшерінде, яғни талап қою сомасынан 3% емес, 1% мемлекеттік баж өндіріліп алынуға тиіс.

Дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі және сотқа жүгіну мерзімі

Еңбек кодексінің 159-бабында келісу комиссиясының дауды қарауы арқылы жеке еңбек дауын реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібі көзделген.

Сонымен қатар, бұл норма бірқатар ерекшеліктерді қамтиды.

Осы Кодексте айқындалған тәртіппен жеке еңбек дауларын қарау үшін келісу комиссиясын құру туралы талап еңбегі Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттелетін жұмыскерлердің жекелеген санаттарына, оның ішінде әскери

қызметте тұратын жұмыскерлерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

Осылайша, заңда мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін еңбек дауларын шешудің сотқа дейінгі тәртібі көзделмеген.

А. бұйрықтың күшін жою туралы «Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-ге сотқа жүгінді.

Өскемен қалалық сотының 2021 жылғы 25 наурыздағы ұйғарымымен талап қою АПК-нің 152-бабы 1-бөлігінің 1) тармақшасы негізінде қайтарылды.

Сот талапты қайтаруды дауды жауапкердің келісу комиссиясы қарауы керек деп негіздеді.

Соттың ұйғарымына шағым келтірілген жоқ, алайда Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы өзінің талдауында дұрыс көрсеткеніндей, бұл ұйғарым Еңбек кодексінің 159-бабы 1-тармағының талаптарына қайшы келеді.

Алматы облыстық соты өзге ұстанымды білдірді.

Қонаев қаласы сотының 2022 жылғы 17 тамыздағы ұйғарымымен С. жұмысқа қайта алу туралы Қонаев (Қапшағай) қаласының әкіміне талап қоюы бойынша азаматтық іс АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасы негізінде қараусыз қалдырылды.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 16 қарашадағы ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы өзгеріссіз қалдырылды.

Соттар өз шешімін Еңбек кодексінің 159-бабының 1 және 2-тармақтарының мәні бойынша дауларды келісу комиссиясында міндетті түрде қарау көзделгеніне негіздеді. Бұл ретте соттар келісу комиссиясын құру туралы талап мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайтынын ескерген жоқ.

Павлодар облыстық соты заңнамалық деңгейде құқық қорғау органдарында келісу комиссияларын құруды көздеуді ұсынады, бұл ұжым ішіндегі қысқа мерзімде жергілікті жерлерде жанжалды шешуге мүмкіндік береді.

Мұндай ұсыныс даулы болып табылады, өйткені «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 4-бабына сәйкес құқық қорғау қызметінің арнайы қағидаттарының бірі дара басшылық және субординация (бағыныстылық) қағидаты болып табылады, бұл құқық қорғау органының қатардағы қызметкерлері мен басшылары қатарынан тепе-тең негізде келісу комиссиясын құру мүмкіндігін болдырмайды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 4-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төмен тұрған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін міндеттілігі болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды адамдарға, жоғары тұрған органдарға жүгіну сияқты дауды шешудің сотқа дейінгі міндетті тәртібін енгізу туралы ұсынысымен келісуге болады. Қазіргі кезде мұндай құқық балама ретінде көзделген («Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 15-бабының 11) тармақшасы, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабының 5-тармағы).

Еңбек кодексінің 160-бабына сәйкес осы Кодекске сәйкес жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісу комиссиясына жүгінбей, сотқа жүгінуге құқығы бар еңбек қатынастарына қатысушылар үшін мынадай мерзімдер белгіленеді:

жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап үш ай;

басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл.

Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаменті бастығының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы бұйрығымен С. ішкі істер органдарынан босатылған. 2022 жылдың 11 ақпанында талап қоюшы сотқа жүгінеді.

Петропавл қаласы № 2 сотының 2022 жылғы 11 наурыздағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюшы Еңбек кодексінің 160-бабының 1) тармақшасында көзделген сотқа жүгіну мерзімін дәлелсіз себептермен өткізіп алды деген қорытындыға келді.

Апелляциялық сатының қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Орал қаласы № 2 сотының 2021 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен Ж. «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ-ге қойған жұмысқа қайта алу туралы талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Талап қоюшы 2017 жылғы 24 ақпандағы бұйрықпен жұмыстан шығарылғанына дау айтады. Жауапкердің өкілі алдын ала тыңдауда талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеген, талап қоюшы мерзімді өткізіп алудың дәлелдерін ұсынбаған. Осы мән-жай талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз болды.

Батыс Қазақстан облыстық сотының сот алқасының талап қою мерзімін қалпына келтіру үшін негіздердің болуы не болмауы туралы мәселені шешкен кезде АК-нің 185-бабын басшылыққа алу керек деген пікірімен келіскен жөн.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды қолдану

Еңбек кодексінің 143-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің, мемлекеттік органдардағы келісімшарттық

қызметшілерінің, Парламенті мен мәслихаттары депутаттарының, судьяларының еңбегі Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, қызметке кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, еңбектің ерекше жағдайларын, еңбекке ақы төлеу шарттарын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін ерекшеліктер ескеріліп, осы Кодексте реттеледі.

Атап айтқанда, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 13-бабында мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер көзделген.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес көрсетілген міндеттерді және (немесе) шектеулерді сақтамау мемлекеттік қызметті тоқтату үшін негіз болып табылады.

Мәселен, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшінің кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2022 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы сотының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі шешімімен К. жұмысқа қайта алу туралы «ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті» РММ-ге қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот 2021 жылғы 7 қаңтардан бастап К. жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін анықтады.

2022 жылғы 10 қаңтарда К. облыстық департаменттің бас маманының міндетін атқарушы болып тағайындалған.

Мемлекеттік қызметке кірер алдында, сондай-ақ конкурстан өткеннен кейін және лауазымға тағайындалғаннан кейін К. салық органына ЖК ретінде қызметін тоқтата тұру туралы өтінішпен жүгінген жоқ.

2022 жылғы 1 шілдеде К. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы бойынша мемлекеттік қызметтен босатылды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағында мемлекеттік қызметке қабылданбайтын адамдардың тізбесі көзделген.

Осы норманы қолданған кезде соттар Конституциялық Соттың 2023 жылғы 6 наурыздағы № 4 нормативтік қаулысымен мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы құқық бұзушылық үшін тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық шараларынан туындайтын құқықтық шектеулер мөлшерлестігінің болмауына байланысты, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін қызметтен шығарылған азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруіне мерзімсіз тыйым салуды белгілеу бөлігінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 6) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабының 1-тармағына, 33-бабының 2 және 4-тармақтарына және 39-бабының 1-тармағына сәйкес келмейді деп танылғанын ескеруі қажет.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы нормативтік қаулы жарияланғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қазақстан Республикасының заңнамасын осы нормативтік қаулыда жазылған Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық позицияларына сәйкес келтіруге бағытталған тиісті заң жобасын енгізу тапсырылды.

Тәртіптік теріс қылықтар және жазалар

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 44-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы – мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы түрде, кінәлі түрде орындамауы немесе тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті бұзуы, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамауы.

Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай жаза түрлері қолданылады: 1) ескерту; 2) сөгіс; 3) қатаң сөгіс; 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту; 4-1) өз қызметін сайлану негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету; 5) атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару.

Тәртіптік жаза қолдану мерзімдері

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабына сәйкес Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін осы Заңда көзделген тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Қылмыстық қудалау органы немесе сот қылмыстық істі не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатқан, бірақ адамның іс-әрекеттерінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда көзделген, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасау белгілері болған жағдайда тәртіптік жаза қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылады.

М. сотқа «Қостанай облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы басқармасы» ММ-ге (бұдан әрі - Басқарма) тәртіптік жаза қолдану туралы 2021 жылғы 13 қазандағы бұйрықтың күшін жою туралы талап қоюмен жүгінді.

Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 9 ақпандағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Қостанай

қалалық сотының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 25 мамырдағы қаулысымен жергілікті соттардың сот актілерінің күші жойылды, іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Іс бойынша М. Басқарма басшысының міндетін атқарғаны анықталды.

2021 жылғы 16 шілдеде Қостанай көлік прокуратурасы Қостанай облысының әкімі аппаратының атына М. қатысты тәртіптік іс қозғау туралы қаулыны жолдады.

Қостанай облысы әкімінің аппарат басшысының міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 қыркүйектегі № 328 бұйрығымен комиссия құрылып, ол 2021 жылғы 3-10 қыркүйек аралығында қызметтік тергеп-тексеру жүргізді. Комиссияның 2021 жылғы 10 қыркүйектегі қорытындысымен еңбек инспекторы М. өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны анықталды.

2021 жылғы 16 қыркүйекте талап қоюшыға қатысты қызметтік тергеп-тексеру материалдары бірыңғай тәртіптік комиссияның отырысында қаралды.

Басқарма басшысының 2021 жылғы 13 қазандағы бұйрығымен М. сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Өз талаптарын негіздеу үшін талап қоюшы тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімі бұзылғанын көрсетті.

Осы дәлелді жоққа шығара отырып, бірінші сатыдағы сот талап қоюшыны «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабында көзделген тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімі аяқталған жоқ деген тұжырыммен ғана шектелді.

Апелляциялық сатыдағы сот тәртіптік жаза аталған Заңда белгіленген мерзімдер шегінде, яғни теріс қылық жасалған күннен бастап алты ай шегінде қолданылғанын көрсетті.

Сонымен бірге, теріс қылық жасалған күн ғана емес, оның анықталған күні де маңызды.

Бұдан басқа, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабының 4-тармағына сәйкес Тәртіптік жауаптылық туралы мәселені қарау және тәртіптік жазаны қолдану мерзімінің өтуі осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу не әкімшілік іс жүргізу кезеңінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығы мәселесін шешуге әсер ететін сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Тәртіптік жазаны қолдану мерзімінің өтуі прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін қарау кезеңіне де тоқтатыла тұрады және осы акт бойынша шешім қабылданған күннен бастап қайта басталады.

Іс материалдарынан тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы қаулыны прокурор шығарып, оны 2021 жылғы 16 шілдеде Қостанай облысы әкімінің аппаратына жолдағаны туындайды.

Жаза 2021 жылдың 13 қазанында ғана қолданылған. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабының 3-тармағында көзделген тәртіптік жаза қолдану мерзімінің өтуін тоқтата тұру үшін негіздер іс бойынша анықталмаған. Прокурордың қаулысы бойынша қызметтік тергеп-тексеру 2021 жылғы 3-10 қыркүйек аралығында тағайындалды және жүргізілді. Яғни, теріс қылық анықталған сәттен бастап (2021 жылғы 16 шілдеде) минус 8 күн - прокурорлық қадағалау актісін қарау кезеңі, бұйрық шығарылған күнге дейін – 2021 жылғы 13 қазанда бір айдан астам уақыт өтті.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады.

Ақмола облысының Бұланды аудандық соты Т. Бұланды ауданының әкіміне қойған тәртіптік жаза туралы өкімнің күшін жою туралы талабын қарап, өзге тұжырымға келді.

Талап қоюшы өз талаптарын негіздеу үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімінің бұзылғанына да сілтеме жасады.

Мәселен, іс материалдарынан 2021 жылғы 27 қазанда аудан әкімінің атына әкімнің орынбасары Т. жетекшілік ететін ТКШ бөлімінің жұмысында жол берілген бұзушылықтар туралы прокурордың ұсынуы келіп түскені туындайды.

Қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу әкімнің өкімімен 2021 жылдың 29 қарашасында ғана тағайындалып, 2021 жылдың 30 қарашасында аяқталды. Қызметтік тергеп-тексеру материалдары 2021 жылғы 6 желтоқсанда тәртіптік комиссияның отырысында қаралды. Т. сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы өкім 2021 жылғы 10 желтоқсанда шығарылған.

Талап қоюшыға талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, сот оның теріс қылық анықталған күн прокурордың ұсынысы келіп түскен күн – 2021 жылғы 27 қазан екендігі туралы уәждерімен келіспейді, бірақ соттың пікірінше, қай күн теріс қылық анықталған күн екенін көрсетпеген.

Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 71-1-тармағына (бұрынғы 44-тармақ) сәйкес уәкілетті адамға мемлекеттік қызметшінің теріс қылық жасағаны жөнінде белгілі болған күн тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып саналады.

Талап қоюшының қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы өкім шығарылған кезде тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімі өтіп кеткені туралы уәждерін жоққа шығара отырып, сот Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеп-тексеру тағайындау мерзімі белгіленбегенін көрсетті.

Шынында да, сол кезде қолданыста болған Қағидалардың редакциясында қызметтік тергеп-тексеру тағайындау мерзімі айтылмаған. Алайда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген тәртіптік жауаптылыққа тарту мерзімдерін есептеудің жалпы қағидаларын және осы мерзімдерді тоқтата тұрудың негіздерін ескеру қажет (осы баптың 4-тармағы).

Талап қоюшыға талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, бірінші сатыдағы сот Бұланды ауданы әкімінің атына жеке ұйғарым

шығарды, онда қолданыстағы заңнамамен адамды тәртіптік жауаптылыққа тартудың нақты мерзімдері белгіленгеніне қарамастан, әкім аппараты қызметкерлерінің салғырттығынан түсініктеме тек 2021 жылғы 26 қарашада алынғаны, қызметтік тергеп-тексеру формальды түрде жүргізілгенін атап көрсетілді.

Тараптар сот актілеріне шағымданған жоқ.

Мемлекеттік қызметшіні тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімдерін сақтау туралы мәселені шешу кезінде мынадай мән-жайға назар аудару қажет.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 57-бабының 10-тармағында тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық мәлім болған күннен бастап бір айдан және тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылатыны туралы да норма қамтылған. Осы Заңда көзделген, құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны және қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Бұл ретте көрсетілген норманың 11-тармағына сәйкес қызметкерге қатысты қызметтік тергеп-тексеру не сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген немесе сот қараған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жағдайларда, кінәлінің ауырғанына байланысты жұмыста болмауы немесе демалыста, іссапарда болуы уақытын есептемегенде, тиісінше тергеп-тексеру аяқталған, қылмыстық істі немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы процестік шешім қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей тәртіптік жазалау қолданылады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда тәртіптік жаза қызметтік тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылатыны туралы осындай норма жоқ. Демек, мемлекеттік қызметшіге қатысты тәртіптік жаза «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 45-бабының 4-тармағында көзделген негіздер бойынша мерзімді тоқтата тұру мүмкіндігін ескере отырып, теріс қылық анықталған күннен бастап бір (үш) айдан кешіктірілмей қолданылуы тиіс.

Қызметтік тергеп-тексеру және тәртіптік комиссияның жұмыс тәртібі

Қызметтік тергеп-тексеру жүргізу тәртібі және тәртіптік комиссияны қалыптастыру мен оның жұмыс тәртібі Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларында айқындалған.

Қағидаларға соңғы өзгерістер Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы № 814 Жарлығымен енгізілгенін ескеру қажет. Атап айтқанда, 45-тармақ мынадай редакцияда жазылды: «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер мемлекеттік әкімшілік қызметшіні лауазымға тағайындау

және лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адамға (бұдан әрі – уәкілетті адам) жасалған теріс қылық туралы мәлімет келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті адамның актісімен тағайындалады.».

Сонымен бірге Қағидалардың 35, 37, 47-тармақтарына назар аударған жөн, оған сәйкес, егер мемлекеттік әкімшілік қызметші өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда осы Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес қызметтік тергеп-тексеру жүргізілуге тиіс.

Жасағаны үшін лауазымын төмендету, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту және атқаратын лауазымынан босату түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін тәртіптік теріс қылықтар бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізу және Комиссияның ұсынымдарының болуы міндетті.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндеттерін атқару жүктелген адамдар қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу туралы акті шығарылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қызметтік тергеп-тексеруді жүргізеді.

Осылайша, бүгінгі күні қолданылып жүрген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары бойынша қызметтік тергеп-тексеру теріс қылық жасалғаны туралы мәліметтер келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тағайындалуы және он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізілуі тиіс. Бұл ретте қызметтік тергеп-тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік қызметшіні тәртіптік жауаптылыққа тарту мерзімі тоқтатылмайды (прокурорлық ден қою актілерін қарау кезеңін қоспағанда), демек, қызметтік тергеп-тексеру тәртіптік жаза қолданудың сол бір айлық (үш айлық) мерзімі шегінде тағайындалуға және жүргізілуге тиіс.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 44-бабының мазмұнынан қызметтік міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау және қызметтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылықтардың дербес түрлері болып табылатыны туындайды.

Бұл ретте «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның - «Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі» деген 8-тарауында Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың тізбесін қамтитын жеке норма - 50-бап бар.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 44-бабында мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе мемлекеттік лауазымын төмендету, сондай-ақ жұмыстан шығару сияқты жаза қолдану түріндегі жоғары жауапкершілік көзделеді.

Сонымен қатар, мұндай жазаның болуы болашақта мемлекеттік қызметке кіруге кедергі болуы мүмкін.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық деп түсінілетін нақты анықтама жоқ, тек осы теріс қылықтардың тізбесі ғана бар, соның негізінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық дегеніміз мемлекеттік қызметші мұндай теріс

қылықты саналы түрде, пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүдделерді көздей отырып, азаматтардың көз алдында өздері өкілдері болып табылатын органдардың қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасауы болып табылады деген тұжырым жасауға болады.

Жетісу облысы Кербұлақ аудандық соты А. әкімнің өкімін заңсыз деп тану және күшін жою және бұрынғы лауазымын қалпына келтіру туралы Кербұлақ ауданының әкіміне қойған талабын қанағаттандыра отырып, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылыққа – жеке немесе заңды тұлғалар өз құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін жүзеге асыра алмайтын жағдайлар жасауға бағытталған іс-әрекетке немесе әрекетсіздік; лауазымды адамның өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызметтің мүдделеріне қайшы пайдалануы; осы салдарлардың нәтижесінде жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзу түрінде туындауы және лауазымды адамның өз өкілеттіктерін пайдалануы мен аталған бұзушылықтар арасында тікелей себептік байланыстың болуы деп анықтама берген.

Абай облыстық соты өз талдауында «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық белгілерінің болмауы проблемалық мәселе болып табылатынын, осыған байланысты оны нормативтік қаулыда неғұрлым нақты шешуді ұсынатынын көрсеткен.

Келіп түскен істерді талдау көрсеткендей, мемлекеттік қызметшілерге көбінесе Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген теріс қылық жасауы - шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуі айып ретінде тағылады.

Көрсетілген норманың ауызша көрінісінің тура мағынасынан, біріншіден, мемлекеттік қызметшіге шешім қабылдау құқығы берілуі керек, екіншіден, шешім қабылдау кезінде ол жеке немесе заңды тұлғаға құқыққа сыйымсыз (ешқандай заңды негізсіз) қолдау көрсетеді.

«Қолдау көрсету» деген түсініктің өзі басқалармен салыстырғанда біреудің артықшылығын тануды білдіреді. Демек, егер біреуге қолдау көрсетілсе, онда мұндай мәселені шешуден бас тартылған адам болуы тиіс.

И. Тараз қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) бас маманы ретінде өз өкілеттіктерін орындау барысында ӘҚБтК-нің 281-бабы 5-бөлігінің 10) тармақшасында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ЖШС-ға (бұдан әрі - ЖШС) қатысты хаттамалар жасады.

Тараз қаласының мамандандырылған әкімшілік соты (бұдан әрі – МӘС) әкімшілік істі қарау барысында И. мемлекеттік кірістер органдарының маманы ретінде тартылды.

МӘС-тің 2020 жылғы 04 наурыздағы ұйғарымымен Басқармаға ЖШС қызметіне талдау жүргізу міндеті жүктелген. И. бөлім басшылығымен келісілген тиісті талдауды дайындайды және сотқа береді.

МӘС-тің 2020 жылғы 09 сәуірдегі қаулысымен ЖШС-нің іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Жамбыл облыстық сотының 2020 жылғы 06 қазандағы қаулысымен МӘС қаулысының күші жойылды. ЖШС ӘҚБтК-нің 281-бабы 5-бөлігінің 10) тармақшасында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, айыппұл түріндегі жазаға тартылады.

Бұдан әрі Тараз қаласы прокурорының 2021 жылғы 06 қаңтардағы ұсынуы негізінде Басқарманың 2021 жылғы 02 ақпандағы бұйрығымен И. жоғарыда аталған әкімшілік істі қарау барысында ЖШС-ға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсеткені үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы бойынша қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Аталған бұйрықты И. сотта даулайды.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюшының талаптарын ішінара қанағаттандыра отырып, талап қоюшы уәкілетті мемлекеттік қызметші бола отырып, сот отырысына қатысқан кезде соттың қойған сұрақтарына түсініктеме бере отырып, заңды тұлғаға ешқандай артықшылық бермегенін және іс бойынша процестік шешім қабылдауға қатыспағанын анықтады.

Апелляциялық алқа бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерте отырып, заңды тұлғаның әкімшілік жауаптылықтан жалтаруын қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларда баяндалған тұжырымдарға қайшы келетін талдамалық анықтаманы басшылықтың келісімінсіз сотқа беру жолымен талап қоюшының іс-әрекеттерінде ЖШС-ға артықшылық берілгенін анықтады, нәтижесінде сот заңсыз сот қаулысын қабылдады.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысының күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдыра отырып, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы И-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауы, ЖШС қызметі туралы басшылықпен келісілген талдамалық анықтама дайындауы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот отырысына мемлекеттік органның лауазымды адамы ретінде қатысуы оның лауазымдық міндеттеріне кіретінін көрсетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шешімді сот істің барлық мән-жайларын, ұсынылған дәлелдемелерді сот төрелігін іске асыру процесіне ешкімнің араласуынсыз зерттеу нәтижесінде қабылдады.

Іс материалдарында анықталғандай, талапкер сот шешімін дайындауға да, қабылдауға да қатысқан жоқ, ал оның түсіндірмелері сот үшін басым мәнге ие емес, осыған байланысты олар заңды тұлғаға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсету ретінде бағалауға жатпайды. (2022 жылғы 26 қаңтардағы Згп-579).

Осыған ұқсас негіздер бойынша Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен Б. бұйрықты заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы «Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-ге қойған талабына қатысты іс бойынша Тараз қалалық сотының 2021 жылғы 11 маусымдағы

шешімін күшінде қалдыра отырып, Жамбыл облыстық сотының 2021 жылғы 17 тамыздағы қаулысының күші жойылды.

Сонымен бірге Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен М-тың өкімді заңсыз деп тану және бұйрықтың күшін жою туралы Екібастұз қаласының әкіміне қойған талабына қатысты іс бойынша Павлодар облысы Екібастұз қалалық сотының 2022 жылғы 02 маусымдағы шешімінің және Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 16 тамыздағы қаулысының күші жойылды. Іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Қостанай облысының соттары қараған бірнеше азаматтық істер бойынша Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бірқатар қызметкерлері «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасымен жұмыстан шығарылғаны анықталды. Талап қоюшыларға ҚР аумағында рулі оң жақта орналасқан көлік құралын автомобиль өткізу пунктінде өткізу және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде шаралар қолданбау (басшылыққа хабарламау) түрінде шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуден көрінетін мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасады деген айып тағылды.

Жергілікті соттардың сот актілерімен қызметкерлердің бұйрықтардың күшін жою және заңсыз деп тану және жұмыста қайта алу туралы талаптары қанағаттандырылды. Соттар мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері ретінде талап қоюшылардың функционалдық (лауазымдық) міндеттері мен құзыретіне көлік құралын ҚР аумағына өткізу туралы шешім дайындау және қабылдау кірмейтінін негіздеді (азаматтарды және көлік құралын өткізу жөніндегі көрсетілген өкілеттіктер Шекара қызметі органдарының құзыретіне кіреді). Жауапкердің жазбаша пікірінде көрсетілген қылмыстық қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамы бойынша шешімдер қабылдау да талап қоюшылардың құзыретіне кірмейді.

Жоғарғы Сот аталған істер бойынша сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудан бас тартты.

Е. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды және жер комиссиясының төрағасы болды. Аудан әкімінің өкімімен Е. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4), 5) және 11) тармақшаларын бұзғаны үшін қызметтен босатылды.

Даулы өкімді шығаруға Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негіз болды. Шаруа қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу барысында Е. бастаған Комиссия бірқатар өрескел бұзушылықтарға жол бергені анықталды. Мысалы, бір конкурстың қорытындысы бойынша комиссия 20 балл жинаған қатысушыға емес, небәрі 5 балл жинаған қатысушыға артықшылық береді, ал басқа конкурс бойынша 1 балл жинаған қатысушыға артықшылық беріледі, бұл ретте екінші қатысушы 20 балл жинайды.

МАЭС шешімімен уақытша өтеулі жер пайдалану шарттары жарамсыз деп танылды. МАЭС комиссия мүшелерінің қолданыстағы заңнаманы бұзуға жол бергенін анықтады.

Соттар Е-тың өкімді заңсыз деп тану және күшін жою туралы талабын қанағаттандырудан бас тартты. Жоғарғы Сот судьясының қаулысымен сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудан бас тартылды.

Е-тың іс-әрекеттерінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген теріс қылық белгілері болған, өйткені конкурс қорытындысы бойынша шешім қабылдау кезінде ол конкурстың жекелеген қатысушыларына құқыққа сыйымсыз қолдау көрсеткен.

Осындай негіздермен Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің орынбасары және жер комиссиясының төрағасы қызметін атқарған С. мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан шығарылған өкімнің күшін жою туралы С-тің осы ауданның әкіміне қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

МАЭС-тің заңды күшіне енген шешімдерімен конкурс өткізу кезінде жер комиссиясы жол берген бұзушылықтар анықталды, бұл жалдау шарттарын жарамсыз деп тануға негіз болды.

Жер кодексінің 43-1-бабының 15-тармағына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының хаттамалық шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін. Сотқа арыз беру жер комиссиясының хаттамалық шешімін орындауды тоқтата тұрады.

Сонымен бірге конкурсқа қатысушылар өткізілген конкурстар негізінде жасалған жалдау шарттарына дау айту құқығынан айырылған жоқ.

Осылайша, тек сот өткізілген конкурстың заңдылығы немесе заңсыздығы және комиссия жол берген бұзушылықтар туралы қорытынды жасай алады деп санаймыз. Демек, конкурс қорытындылары заңсыз деп танылған сот актісі болмаған кезде, бір тексерушінің пікірінше, комиссия мүшелері жол берген бұзушылықтардың болуы туралы тұжырымы бар уәкілетті органның бір актісі оларды тәртіптік жауаптылыққа тарту үшін жеткіліксіз.

С. «Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-ге (бұдан әрі – Басқарма) тәртіптік жаза туралы бұйрықты заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы қойған талабымен сотқа жүгінді.

Ақмола облысы Көкшетау қалалық сотының 2020 жылғы 21 тамыздағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Жоғарғы Сот судьясының 2021 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен апелляциялық сатыдағы соттың қаулысын қайта қараудан бас тартылды.

Сот актілерінен С. Басқарманың бас маманы лауазымында жұмыс істегені туындайды.

2020 жылғы 24 маусымдағы бұйрықпен С. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген тәртіптік теріс қылықты жасағаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

Қызметтік тергеп-тексеру материалдарына сәйкес, прокуратура Басқарманың мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізді, онда мемлекеттік сатып алу веб-порталы мониторингінің қорытындысы бойынша прокуратура мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде конкурс комиссиясының мүшелері заңды тұлғаларға шешімдер дайындау және қабылдау кезінде құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетті деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар, Мемлекеттік сатып алу туралы заң бойынша егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

Әлеуетті өнім берушілер өз құқықтарын пайдаланған жоқ, конкурстық комиссияның әрекеттеріне шағымданған жоқ. Уәкілетті орган да осындай талап қоюмен сотқа жүгінген жоқ.

Тексерушілердің конкурстық комиссия мүшелерінің заңды тұлғалардың құқықтарын бұзғаны туралы уәждері расталу үшін өткізілген конкурсты және конкурстық комиссияның әрекеттерін заңсыз деп тану, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы сот актілері болмағандықтан, бірінші сатыдағы соттың талап қоюшының мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасады деген, тәртіптік жауаптылыққа тартудың дұрыстығы туралы қорытындылары мерзімінен бұрын болып табылады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кәсіпкерлік және табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кімге болса да кез келген жәрдем көрсету болып табылады

Талдау көрсеткендей, жұмыс берушілер мазмұны бойынша «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларын ажыратпайды және қызметкер тәртіптік теріс қылық жасаған кезде оған екі тармақшамен айып тағылады. Соттар дауларды шешкен кезде осы қатені қайталайды.

С. «Павлодар қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ басшысы лауазымын атқарған. Павлодар облысы бойынша

Мемлекеттік кірістер департаментінің 2021 жылғы 02 маусымдағы бұйрығымен С. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босату түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

Қызметтік тергеп-тексеру барысында Басқарма «Б» ЖШС-ның атына 9,6 млн.теңге сомасындағы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібергені анықталды, оның орындалмауына байланысты осы заңды тұлғаның шығыс операциялары тоқтатылған.

ЖШС басшылығы берешекті төлегісі келмей, шоттағы ақшалай қаражатты кейіннен алу үшін шектеулерді алып тастау жолдарын іздей бастады, ол үшін ЖШС директоры С. жүгінеді.

С. ЖШС директорына шотты ашуға және ондағы қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді айтады, содан кейін өз қарамағындағыларға ЖШС-ға шектеулерді алып тастауына жәрдемдесуді тапсырады. Бұл салықтар бойынша берешек өтелгенге дейін шоттан ақша қаражатын алуға қол жеткізеді.

Жергілікті соттар талап қоюшыға бұйрықтың күшін жою және жұмысқа қайта алу туралы талапты қанағаттандырудан бас тарта отырып, талап қоюшының іс-әрекеттерінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында да, 5) тармақшасында да көзделген тәртіптік теріс қылық белгілері бар екеніне келіседі. Бұл жағдайда С. іс-әрекеттері көрсетілген норманың 5) тармақшасының мазмұнымен қамтылады. Шешім қабылдау кезінде талап қоюшы «Б» ЖШС-ға қолдау көрсеткен жоқ, өйткені бас тартатындай өзге адам болған жоқ.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына ашық кедергі жасауы мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық болып табылады

А. Семей қаласы әкімінің орынбасары лауазымын атқарған, оның лауазымдық міндеттеріне қалалық жер комиссиясының жұмысын ұйымдастыру кірген.

Семей қаласы әкімінің 2021 жылғы 18 мамырдағы өкімімен А. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

Іс материалдарынан А. бес жер пайдаланушының конкурсқа қатысуға өтінімдерін заңсыз қабылдамаған деген айып тағылғаны туындайды.

Өтінімдер Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығымен бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – № 518 қағида) 13-тармағына сәйкес

келмеуіне байланысты кері қайтарылған (конкурстық өтінімдердің беттері мөрленбеген, сиямен емес, қарындашпен жазылған).

Семей қалалық соты жер комиссиясының төрағасы ретінде А. бастамашылық еткен қолданыстағы заңнаманың дұрыс түсіндірілмеуіне байланысты жер пайдаланушыларды жоғарыда аталған конкурсқа қатысудан бас тарту туралы шешім қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағанын айғақтауы мүмкін, бірақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық құрамын құрмайтынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырды.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының сот алқасы Семей қалалық сотының шешімін өзгерткенін А. жер комиссиясының төрағасы бола отырып, конкурсқа қатысушыларға жер пайдалану құқықтарын іске асыруға кедергі келтірді деген тұжырымымен негіздейді.

Апелляциялық сатыдағы қаулының күшін жойып және бірінші сатыдағы соттың шешімін күшінде қалдыра отырып, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы (2022 жылғы 8 қарашадағы Згп-398 қаулысы) АҚ-нің 6-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында қамтылған сөз тіркесінің дәлме-дәл мәніне дұрыс түсіндірген кезде «ашық кедергі жасау» деп мемлекеттік қызметшінің жеке немесе заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына заңсыз кедергілер жасау мақсатында саналы түрде заңнамаға қайшы жасалатын немесе қабылданатын тиісті іс-әрекеттерін немесе шешімдерін түсіну керектігін негізге алған.

№ 518 қағидалар Жер кодексінің 43-1-бабының ережелерін орындау және одан әрі іске асыру негізінде әзірленгендіктен және бекітілгендіктен, талап қоюшының осы іс бойынша дауды дұрыс шешу үшін № 518 Қағидалардың 13-тармағын дұрыс түсіндіру және қолдану қажет екендігі туралы уәждері негізді болып табылады.

№ 518 Қағидалардың 13-тармағына сәйкес конкурстық ұсынысты, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады. Демек, беттер нөмірленіп, мөрленуі немесе өшпейтін сиямен жзылуы тиіс.

Жеке және заңды тұлғаларға құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына ашық кедергі жасауы деп мемлекеттік қызметшінің жеке немесе заңды тұлғада қандай да бір құқықтың бар екендігі туралы өзіне анық және даусыз белгілі, бірақ ол оны іске асыруына әдейі кедергі келтіретін әрекеттерін түсіну керек.

Қолданыстағы заңнаманы дұрыс түсіндірмеу немесе шешім қабылдауға тиісінше дайындалмау нәтижесінде мұндай пікір қалыптасқан кезде мемлекеттік қызметшінің адамды осындай құқықтың жоқтығы туралы қате пікірінің болуы қызметтік міндеттердің тиісінше орындалмағандығын айғақтауы мүмкін, бірақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық құрамын құрмайды

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Петропавл қаласы сотының 2020 жылғы 25

қарашадағы № 2 шешімінің, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 24 ақпандағы қаулысының күші жойылды, іс бойынша А-тің және басқалардың әкім өкімдерінің күшін жою туралы талабын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданды.

Талап қоюшылар мемлекеттік қызметшілер және тұрғын үй комиссиясының мүшелері бола отырып, С. мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру кезегінен алып тастау туралы заңсыз шешім қабылдағаны үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында көзделген тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны анықталды

Сонымен қатар, іс материалдарынан тұрғын үй комиссиясының мүшелері тұрғын үй заңнамасының нормаларын дұрыс түсіндірмеу нәтижесінде шешім қабылдағаны, сондай-ақ материалдарды дайындау кезінде ТКШ бөлімі жол берген бұзушылықтарға байланысты болғаны және С. тұрғын үй алу құқығын іске асыруына қасақана айқын кедергі жасау ретінде қарастыруға болмайтыны туындайды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі 151-бабының 1), 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында, 156-бабы 2-тармағының 2), 6) және 8) тармақшаларында белгіленген тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзуы жатады.

Бұланды ауданы әкімінің өкімімен Е. Макинск қаласы әкімінің міндетін атқарушы лауазымына тағайындалған.

Абаттандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Е. Макинск қаласы әкімінің орынбасары К. жер учаскелерін мақсатсыз пайдалану фактілерін анықтау мақсатында жеке тұлғаларды аралау туралы ауызша тапсырма берген.

Осы тапсырманы орындау барысында жеке тұлға Е-тың жер учаскесін мақсатсыз пайдаланғаны анықталды, атап айтқанда: тұрғын үйге қызмет көрсетуге арналған учаске металл сынықтарын сақтау үшін пайдаланылған.

Осыған байланысты жеке тұлға Е. қатысты жер учаскесінің меншік иесінің учаскені нысанасыз мақсатта пайдаланудан көрінетін міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін ӘҚБтК-нің 339-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама жасалғағ және қысқартылған іс жүргізу тәртібімен айыппұл салу туралы қаулы шығарылған.

2020 жылғы 10 қыркүйекте ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті басқармасы бастығының міндетін атқарушы Макинск қаласының әкімі Е. мен оның орынбасары К. қатысты тәртіптік іс қозғайды.

Бұланды ауданы әкімінің 2020 жылғы 7 қазандағы өкімдерімен Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Е. мен Қ. қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Е. мен Қ. сотқа өкімнің күшін жою туралы талап қоюмен жүгінеді.

Ақмола облысы Бұланды аудандық сотының 2020 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен Қ. талап қоюы қанағаттандырылды.

Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Ақмола облысы Бұланды аудандық сотының 2021 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен Е-нің талап қоюы қанағаттандырылды.

Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 17 наурыздағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, іс бойынша талап қоюдан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Осылайша, екі іс бойынша апелляциялық саты істің мән-жайларына әртүрлі баға берді, материалдық құқықтың әртүрлі нормаларын қолданды және қарама-қарсы шешімдер қабылдады.

Жоғарғы Сот судьясының 2021 жылғы 7 маусымдағы қаулысымен Қ. қатысты сот актілерін қайта қараудан бас тартылды.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен Е. қатысты Бұланды аудандық сотының 2021 жылғы 21 қаңтардағы шешімі күшінде қалдырылып, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 17 наурыздағы қаулысының күші жойылды.

Бұл ретте алқа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 12) тармақшасын сөзбе-сөз түсіндіруден тәртіптік теріс қылық құрамы тек кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзушылықтар құрайтынын көрсетті.

Салық органдарының деректеріне сәйкес Е. жеке кәсіпкер болып табылады (қызмет түрі – ірі қара малдың басқа тұқымдарын өсіру).

Сонымен қатар, іс материалдарынан жеке тұлға Е-қа қатысты тексеру жүргізілгені шығады. Жер учаскесінің мақсаты - тұрғын үйге қызмет көрсету, бірақ бақылау жүргізу барысында жер учаскесін мақсатсыз пайдалану фактісі анықталды.

Осыған байланысты оған жұмыс істемейтін жеке тұлға ретінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған. Бұл ретте Е. тексерушілерге оның металл сынықтарын жинаумен айналысатын жеке кәсіпкер екенін куәландыратын құжаттарды ұсынбаған.

Ұлытау облысының соттары И-ның «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген тәртіптік теріс қылықты жасағаны үшін лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықтың күшін жою туралы Жер қатынастары бөліміне қойған талабын қанағаттандырудан негізді түрде бас тартты.

Іс бойынша мемлекеттік қызметші (сектор меңгерушісі) бола отырып, И. техникалық үзіліс кезінде әріптестерімен дәмханаға барып, сәулет-құрылыс қызметі саласында бақылауды жүзеге асыруға құқығы болмаса да, дәмхана иесінен объектіні қайта жоспарлау құжаттарын ұсынуды талап еткені анықталды. Бас тартылғаннан кейін И. тексерулермен және айыппұлмен қорқытады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін негіздер

Әдеп кодексінің 5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген әдеп нормаларын бұзу мемлекеттік әкімшілік қызметшіні жұмыстан босату үшін дербес негіз болып табылмайды.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін негіздер тізбесі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабында көзделген. Көрсетілген тізімде жиырма бір негіз бар, бірақ толық емес.

Заңның 61-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Осы норманың мазмұнынан оның бланкет болып табылатындығы, яғни басқа нормативтік құқықтық актілерге (құқықтың нақты нормасын көрсетпей) сілтеме жасайтындығы шығады, сондықтан мемлекеттік қызметшіні «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сілтеме жасай отырып ғана жұмыстан шығару мүмкін емес, өзге заңға сілтеме жасау қажет.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 05 мамырдағы қаулысымен М-тың жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп тану және күшін жою, жұмысқа қайта алу туралы Құрылыс басқармасына қойған талабына қатысты іс бойынша Атырау облысының сот актілерінің күші жойылды. Іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Іс бойынша Әдеп жөніндегі кеңестің шешімінде М-ты Әдеп кодексінің 5-тармағының 2) тармақшасын бұзғаны үшін ғана тәртіптік жауаптылыққа тартуға негіздердің болуы және оған мемлекеттік әкімшілік қызметшіні атқарып отырған лауазымынан босату түрінде жаза қолдану мүмкіндігі туралы көрсетілгені анықталды.

Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Құрылыс басқармасының 2020 жылғы 04 желтоқсандағы бұйрығымен М. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына және мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқында моральдық-әдептік нормаларын сақтамауына байланысты Әдеп кодексінің 5-тармағының 2) тармақшасына сілтеме жасай отырып, атқаратын қызметінен босатылды.

Бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуларын М-тың Әдеп кодексінің нормаларын бұзу фактісі анықталғанымен және оны жоққа шығармағанымен уәждейді.

Сот актілерінің күшін жоя отырып және талап қоюды қанағаттандыра отырып, кассациялық саты мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуының негіздері «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабында келтірілгенін, бұл ретте әдеп нормаларын, атап айтқанда Әдеп кодексінің 5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген нормаларды бұзу әкімшілік мемлекеттік қызметшіні жұмыстан босатудың дербес негізі ретінде көзделмегенін негізге алды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына сілтеме Құрылыс басқармасының бұйрығын заңды деп тануға мүмкіндік бермейді, өйткені аталған норманың өзі мемлекеттік қызметті тоқтатудың нақты негіздерін көздемейді. М. жұмыстан шығаруға негіз болған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның немесе Еңбек кодексінің тағы бір нормасы бұйрықта келтірілмеген.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшіні жұмыстан босату үшін негіздердің бірі сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық істің Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі - ҚПК) 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатылуы, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс туралы қылмыстық істі қылмыстық қудалау органының немесе соттың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі (бұдан әрі - ҚК) Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі аяқталғанға дейін ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатуы болып табылады.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 15) тармақшасымен жұмыстан шығарылған талап қоюшы У-тың өкімді заңсыз деп тану туралы Семей қаласының әкіміне қойған талабы Семей қалалық сотының 2021 жылғы 16 шілдедегі шешімімен қанағаттандырылған.

Сот У-қа қатысты қылмыстық іс ҚК-нің 3-бабының 29) тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті көздейтін ҚК-нің 371-бабының 2-бөлігімен қозғалғанын негізге алған.

Сот шешіміне шағым жасалған жоқ, наразылық келтірілген жоқ.

Қызылорда облысының сот актілерімен Е. жұмысқа қайта алу туралы қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылды (Қызылорда қалалық сотының 2022 жылғы 06 маусымдағы шешімі, апелляциялық сатының 2022 жылғы 07 қыркүйектегі қаулысы). Сот актілерін күшінде қалдыра отырып, кассациялық сатыдағы сот Е. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 15) тармақшасымен жұмыстан шығару туралы бұйрық шығарылған кезде қылмыстық қудалау органының 2015 жылғы 18 қазандағы қаулысының заңды күші болғанын негізге алды, оған сәйкес талап қоюшыға қатысты 1997 жылғы ҚК-нің 307-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс (сыбайлас жемқорлық қылмысы) кінәсін мойындауына және зиянды толық өтеуіне байланысты тоқтатылған (2022 жылғы 06 желтоқсандағы Згп-462).

Мемлекеттік қызметші «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша да жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Атап айтқанда, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан шығару Еңбек кодексінде де, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 56-бабында да қамтылған талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

Мәселен, егер Еңбек кодексінде лауазымы қысқарған қызметкерлерді жұмыс берушінің жұмысқа орналастыру міндеті көзделмесе, онда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 56-бабының 6 және 7-тармақтарында санамаланған жағдайларда мұндай міндет «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 56-бабында көзделген. Сонымен бірге кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде (Еңбек кодексі бойынша - бір айдағы орташа жалақысы мөлшерінде) жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу сияқты мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғаудың қосымша шарасы көзделген.

Келіп түскен істерді талдау барысы соттарда мемлекеттік қызметшілерлерді штаттың қысқаруы бойынша жұмыстан шығаруға байланысты дауларды шешу кезінде проблемалар жоқ екенін көрсетті.

Сыйлықақы төлеу - жұмыс берушінің құқығы ма немесе міндеті ме?

Талдау көрсеткендей, республика соттарында осындай даулар бойынша біркелкі емес практика қалыптасқан.

К. «Қостанай қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ-ге сыйлықақы төлеу туралы талап қоюмен жүгінді.

Қостанай қалалық сотының 2022 жылғы 5 қазандағы шешімімен көтермелеу, оның ішінде сыйақылар төлеу жұмыс берушінің құқығы болып табылатыны туралы негіздермен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық сатыдағы сот соттың бұл қорытындысын негізсіз деп таныды, өйткені сыйлықақы беру туралы бұйрықтар Басқарманың барлық қызметкерлеріне қатысты қабылданған, тек алынбаған тәртіптік жазалары бар қызметкерлер ғана сыйлықақылардан айырылды. Іс материалдарына сәйкес, талап қоюшыны тәртіптік жауапкершілікке тарту сот тәртібімен заңсыз деп танылып, күші жойылғандықтан, оның сыйлықақы алу құқығы қалпына келтірілді.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 29 қарашадағы қаулысымен сот шешімі талап қоюды толық көлемде қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығара отырып, күші жойылды.

Жоғарғы Сот судьясының 2023 жылғы 29 мамырдағы қаулысымен апелляциялық сатының қаулысын кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылды.

Н. ШЖҚ РМК-ға бұйрықты заңсыз деп тану және оның күшін жою, жалақыға қосымша ақы мен сыйлықақы өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы сотының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды.

Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен сот шешімі өзгертілді, сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы 2022 жылғы 29 шілдедегі бұйрықты заңсыз деп танудан бас тарту және оның күшін жою бөлігінде - күші жойылды, осы бөлімде талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды. Қосымша ақы мен сыйлықақы төлеуден бас тарту туралы бөлігінде сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Жалақыға есептеулер жүргізу және сыйлықақы төлеу міндетін жүктеу бөлігіндегі талаптарды қанағаттандырудан бас тарта отырып, соттар сыйлықақы беру мәселесі және жұмысшылардың еңбегін ынталандырудың басқа түрлері жұмыс берушінің құқығы және жалғыз шешімі болып табылатындығын атап өтті.

Кассациялық саты судьясының 2023 жылғы 17 сәуірдегі қаулысымен сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты кассациялық сатыға беруден бас тартылды.

Мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен осындай дауларды шешу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидалары (бұдан әрі - № 1127 қағидалар) бекітілгенін ескеру қажет.

№ 1127 қағидалардың 1-2-тармағында мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу: 1) мемлекеттік орган - – бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) әкімшісі басшысының не оны алмастыратын тұлғаның; 2) аппарат басшысының орталық мемлекеттік органның басшысымен келісілген шешімі бойынша жүргізілетіні белгіленген.

№ 1127 Қағидалардың 2-тармағына сәйкес осы Қағидалардың 1-2-тармағында санамаланған тұлғалар осы Қағидаларды басшылыққа ала отырып, осы органдардың қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы ережелерді дербес әзірлеуге және бекітуге құқығы бар.

Қызметкердің сыйлықақы алу құқығын беретін қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер Қағидалардың 3-тармағында көзделген.

№ 1127 Қағидалардың 4-тармағына сәйкес қызметкерге сыйақы беру: 1) оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде; 2) тиісті органда бір айдан кем жұмыс істеген болса; 3) сынақ мерзімінен өту кезеңінде жүргізілмейді.

Демек, егер қызметкер алынбаған тәртіптік жазасының болуы себебінен ғана сыйлықақыдан айырылса, бұл ретте бүкіл ұжым сыйлықақы

алған кезде, тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрық заңсыз деп танылған және оның күші жойылған кезде, мұндай қызметкердің алынбаған сыйлықақыны өндіріп алу туралы талаптары қанағаттандырылуға жатады.

Егер жекелеген қызметкерлерге, мысалы, лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны, шұғыл және алдын-ала күтпеген жұмыстарды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін сыйақы беру туралы айтатын болсақ, онда бұл жағдайда бұл мемлекеттік орган басшысының құқығы екенін негізге алу қажет.

Қазіргі уақытта сыйлықақыға, оның ішінде тәртіптік жазасы бар қызметкерлерге сыйлықақы беруге қатысты еңбек заңнамасының нормаларына өзгерістер енгізу ұсынылатын Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасы бойынша заң жобасы талқылануда

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды арнаулы тексеру кезеңінде мемлекеттік қызметшінің міндетін уақытша атқаратын адамдарға қолдану

Мұнайлы ауданы әкімінің 2021 жылғы 11 мамырдағы өкімімен К. арнаулы тексеру аяқталғанға дейін Мұнайлы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалды.

Тексеру жүргізу кезеңінде К. мемлекеттік қызметке кір келтіретін мынадай тәртіптік теріс қылық жасаған: Бөлім қызметкерлерімен өткен кеңесте облыстық басқармалардың жоғары тұрған лауазымды тұлғалары туралы әдепсіз сөздер айтқан, олардың өзіне, Бөлімге деген адал қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында оларға сыйлықтар сатып алу үшін ақшалай қаражат жинауды ұсынған.

Мұнайлы ауданы әкімінің 2021 жылғы 18 маусымдағы өкімімен К. тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабы 1-тармағының 22) тармақшасы, Әдеп кодексінің 5-тармағы 2), 8), 11), 14) тармақшаларының, 8-тармағы 1) тармақшасының, 9-тармағы 5) тармақшасының негізінде жұмыстан шығарылды.

Мұнайлы аудандық соты (2022 жылғы 19 қаңтардағы шешім) талап қоюды қанағаттандырғанын Әдеп жөніндегі кеңестің талапқ қоюшының іс-әрекетін қарамағанымен уәждеді.

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы (2022 жылғы 30 наурыздағы қаулы) сот шешімінің күшін жойып және талап қоюшыға бұйрықтың күшін жою туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 19-бабына сілтеме жасады, оған сәйкес арнайы тексеруді жүргізу кезеңінде мемлекеттік қызметшінің міндеттерін уақытша атқаратын тұлғаға мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауаптылығы, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер бөлігінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның ережелері қолданылады.

Жоғарғы Соттың кассациялық сатысының 2022 жылғы 24 тамыздағы (Згп-334) қаулысымен апелляциялық сатының қаулысы күшінде қалдырылды.

Сонымен қатар, Маңғыстау облыстық сотының арнайы тексеру нәтижелерін алған күнге дейін мемлекеттік қызметшінің міндетін уақытша атқаратын тұлғаларды қызметтік әдепті бұзғаны үшін, атап айтқанда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабында көзделген теріс қылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту тәртібі заңнамада жеткілікті реттелмеген деген пікірімен келіскен жөн.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңды қолдану

Еңбек кодексінің 144-бабына сәйкес Әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің еңбегі қызметке кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, ерекше еңбек жағдайларын, еңбекке ақы төлеу жағдайларын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының арнайы заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодекспен реттеледі.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 3-бабына сәйкес құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.

Қорытуға түскен істерді талдау көрсеткендей, көбінесе соттарда қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту, оның ішінде жұмыстан босату туралы бұйрықтар қарастырылады.

Осы дауларды шешу кезінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауаптылығын арттыру, ведомствоаралық үйлестіру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 11 шілдедегі № 136-VII Заңымен (бұдан әрі – № 136-VII Заң) «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңға, оның ішінде қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін реттейтін нормаларға елеулі өзгерістер енгізілді. (№136-VII Заң кейбір нормаларды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді (2022 жылдың 12 шілдесі – алғаш ресми жарияланды).

Тәртіптік теріс қылықтар мен жазалар

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 1-бабының 15) тармақшасына сәйкес тәртіптік теріс қылық – қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі атқармауы немесе тиісінше атқармауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебі қағидаларын) не ар-намыс кодекстерін (құқық қорғау органдарында қолданыстағы қызмет әдебі қағидаларын) бұзуы, сол сияқты құқық қорғау қызметінде болуға байланысты белгіленген шектеулерді сақтамауы.

Заңның 56-бабының 2-тармағына сәйкес қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қызметкерлерге: ескерту; сөгіс; қатаң сөгіс; қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту; атқаратын лауазымынан босату; арнаулы атағын немесе сыныптық шенін бір сатыға төмендету; құқық қорғау органдарынан шығару тәртіптік жаза түрлері қолданылуы мүмкін.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 57-бабының 3-тармағына сәйкес қызметкер тәртіптік теріс қылық жасаған кезде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі. Егер жазбаша түсініктемесінде қызметкер өзінің тәртіптік теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, онда құқық қорғау органының басшысы немесе уәкілетті басшы қызметтік тергеу жүргізбей жаза қолдануға құқылы.

Егер қызметкер өзінің жазбаша түсініктемесінде өзінің тәртіптік теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының бұйрығымен қызметтік тергеу жүргізілуге тиіс.

Заңда қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын лауазымынан босату және жұмыстан босату сияқты жазалар жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері мен тәртіптік комиссияның тиісті ұсынымдары бойынша ғана қолданылуы мүмкін деген міндетті талап бар.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 57-бабы 4-тармағының бұрын қолданыста болған редакциясы қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын лауазымынан босату түріндегі жазаны алқаның немесе құқық қорғау органы бірінші басшысы жанындағы жедел кеңестің шешімі негізінде де қолдану мүмкіндігіне жол бергенін атап өткен жөн.

№ 136-VII Заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін Заңның 57-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқарып отырған лауазымынан босату, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымынан шығару және босату түріндегі жаза жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері мен тәртіптік комиссияның тиісті ұсынымдары бойынша қолданылады.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқарып отырған лауазымынан босату түріндегі жаза қызметтік тергеп-тексеру жүргізілмей және тәртіптік комиссияның тиісті ұсынымдарынсыз, алқаның немесе құқық қорғау органы бірінші басшысының жанындағы жедел кеңестің шешімі және қызметкердің өзі жасаған тәртіптік теріс қылық фактісімен келісетіні туралы жазбаша түсініктемесінің болуы, сондай-ақ оны жасау мән-жайларының

толық және объективті анықталуын растайтын материалдар негізінде қолданылуы мүмкін.».

«Атқарып отырған лауазымынан босату» және «жұмыстан шығару» сияқты жазалардың түрлерін ажырату керек

Атқарып отырған лауазымынан босату сияқты осындай жазаны қолдану үшін тәртіптік теріс қылық жасау фактісін анықтау жеткілікті. Ал жұмыстан шығару тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жаза сияқты «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында көзделген негіздер бойынша ғана қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза ретінде атқарып отырған лауазымынан босату қызметкерді құқық қорғау органының қарамағына қабылдауға негіз болып табылады. Өз кезегінде, ұсынылған лауазымға орналасудан бас тартуы және құқық қорғау органының қарамағында болу мерзімінің өтуі «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес қызметкерді жұмыстан шығару үшін дербес негіз болып табылады.

Ж. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көліктегі полиция департаменті» ММ-де Орал станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің бастығы қызметінде болған.

2020 жылғы 01 қазанда Департаменттің өзіндік қауіпсіздік басқармасына Департамент қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері фактісі бойынша материал келіп түсті, Ж-тың Жедел жұмыс жөніндегі департамент бастығының орынбасарымен Департамент аппаратының жедел бөлімшелерінің бірінде басшы лауазымға тағайындау үшін ақшалай қаражаттың ықтимал сомасы туралы жабық әңгімелескен фактісі анықталды.

2021 жылғы 18 қаңтардағы бұйрықпен Ж. Департаменттің қарамағында қалдырыла отырып, атқарып отырған лауазымынан босатылады.

Ж-тың бұйрықтың күшін жою және жұмысқа қайта алу туралы талабын қанағаттандыра отырып, Нұр-сұлтан қаласының Сарыарқа аудандық соты (2021 жылғы 19 мамырдағы шешім) Ж-тың № 246 Қағиданың 14-тармағындағы қызметтік тәртіпті өрескел бұзушылықтар тізбесінде қамтылған тәртіптік теріс қылықтардың ешқайсысын жасамағанын негізге алды.

Алайда, бұл ретте сот аталған Қағидаларда құқық қорғау органдарында қызметін тоқтатқан қызметкерлерді кадрлардан шығару тәртібі туралы сөз болып отырғанын ескермеген. Ал 2021 жылғы 18 қаңтардағы бұйрықтан Ж. Департаменттің қарамағында қалдырылып, атқарып отырған қызметінен босатылғаны туындайды.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 25 тамыздағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, іс бойынша Ж-тың талап қоюын қанағаттандырудан бас тартылған жаңа шешім шығарылды.

Жоғарғы Сот судьясының 2022 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен апелляциялық сатының қаулысын кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты кассациялық сатыға беруден бас тартылды.

Құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылықтар («Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы)

Кез келген тәртіптік теріс қылық жұмыстан шығару түріндегі жазаға әкеп соқтырмайды, ал Әдеп кодексінің нормаларын бұзу «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңда тәртіптік жазаның осы түрін қолданудың дербес негізі ретінде мүлдем қарастырылмаған.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заң кіріспеге сәйкес Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметіне тұруға, оны өткеруге және тоқтатуға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайын (мәртебесін), материалдық қамтамасыз етілуін және әлеуметтік қорғалуын айқындайды.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 79-бабының 1) тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарында қызметті тоқтату үшін негіздердің бірі осы Заңда белгіленген тәртіппен жұмыстан шығару болып табылады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жұмыстан шығару негіздерінің тізбесі «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында көзделген және толық болып табылады, өйткені бұл нормада «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 61-бабынан айырмашылығы құқық қорғау органының қызметкері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жұмыстан шығарылуы мүмкін екендігі көрсетілмеген.

Жоғарыда аталған заңдардың жүйелі түсіндірмесінен құқық қорғау қызметін тоқтатуға байланысты қатынастар тек «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңмен реттелетіні туындайды

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында құқық қорғау органының қызметкерін мемлекеттік қызметке емес, атап айтқанда құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босату үшін осындай негіз көзделген.

А. Ақтөбе қаласының ІІБ полиция бөлімінің аға тергеушісі лауазымына тағайындалған. Ол ҚК-нің 188-бабы 2-бөлігінің 1), 3) тармақшаларында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша Г. мен И. қатысты қозғалған қылмыстық істі тергеп-тексерді.

Тергеп-тексеру барысында А. И-ға қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді негізсіз тоқтатты.

2019 жылғы 10 желтоқсандағы бұйрықпен «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің 5-тармағының 13) тармақшасының, 5-тармағының 2) тармақшасының талаптарын бұзғаны және қылмыстық істі тоқтату және қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімді дайындау және қабылдау кезінде күдікті И. құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуден көрінетін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықты жасағаны үшін» А. жұмыстан шығарылады.

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 03 маусымдағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе қаласы сотының 2020 жылғы 05 наурыздағы шешімімен А. бұйрықтың күшін жою және жұмысқа қайта алу туралы талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Бұл ретте соттар тергеуші А. қылмыстық қудалауды жүргізетін жауапты лауазымды тұлға ретінде жәбірленушінің құқықтары мен қылмыстық-процестік заңның өзге де талаптарын өрескел бұзғанын, тергеудің объективтілігі, жан-жақтылығы қамтамасыз етілмегенін атап өтті.

Сот актілерінің күшін жойып, істі жаңадан қарауға жібере отырып (сот отырысының хаттамасының болмауына байланысты) Жоғарғы Соттың сот алқасы А. «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның нормаларын емес, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның нормаларын бұзғаны үшін жұмыстан шығару фактісін соттар назардан тыс қалдырғанын көрсетті, ал «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 3-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес осы Заңның күші Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы заңнамалық актілерінде көзделген ерекшеліктері бар құқық қорғау қызметін өткеріп жүрген мемлекеттік қызметшілерге қолданылады.

Полиция департаменті А. мемлекеттік қызметші ретінде тәртіптік жаза қолдана отырып, оған жүктелген құқық қорғау органы қызметкерінің міндеттерін құқыққа қарсы қалай орындамауға немесе тиісінше орындамауға жол бергенін, жұмыстан шығаруға әкеп соқтырған лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғанын, қызметтік және еңбек тәртібін бұзғанын нақты көрсеткен жоқ.

Аталған бұйрықтың заңдылығына құқықтық баға бере отырып, жергілікті соттар кез келген тәртіптік теріс қылық жұмыстан шығару түріндегі жазаға әкеп соқтырмайтынын, ал Әдеп кодексінің нормаларын бұзу тәртіптік жазаның осы түрін қолдану үшін дербес негіз ретінде Құқық қорғау қызметі туралы Заңда мүлде көзделмегенін тағы да ескерген жоқ (2021 жылғы 03 ақпандағы Згп-440).

Жергілікті сот істі жаңадан қараған кезде А-ның талабын қанағаттандырды.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сілтеме жасамай, құқық қорғау органына кір келтіретін тәртіптік теріс қылық ұғымы берілген жеке норма бар екенін ескеру қажет («Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабының 2-тармағы). Демек, құқық қорғау органының қызметкері құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін ғана «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы бойынша жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен Ақтөбе қаласы сотының 2021 жылғы 02 ақпандағы шешімінің күші жойылды, іс бойынша А-тың Ақтөбе облысының полиция департаментіне бұйрықты заңсыз деп тану, оның күшін жою және жұмысқа қайта алу туралы талабын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

А. қару айналымын бақылау бөлімшесінің бөлім бастығы бола тұра, қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсатты заңсыз бергені үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабы 1-тармағының 4) тармақшасының негізінде жұмыстан шығарылды.

Апелляциялық сатыдағы сот рұқсатты заңсыз беру фактісі расталмағанын, Полиция департаменті «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды негізсіз қолданғанын, бұйрықта «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында көзделген жұмыстан шығару негіздері келтірілмегенін анықтады.

Сонымен қатар, алқа Департаменттің тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімін бұзғанын атап өтті. Талап қоюшыға тағылып отырған теріс қылық 2019 жылдың 01 қазанында жасалған, ал жұмыстан шығару туралы бұйрық 2020 жылдың 02 қазанында шығарылған. Бұл ретте алқа Заңның 57-бабының 10-тармағына сілтемені дұрыс жасады.

Заңның сол кездегі қолданыстағы редакциясында тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық мәлім болған күннен бастап бір айдан және тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылатыны көзделгенін ескеру қажет.

№ 136-VII Заңмен Заңның 57-бабының 10-тармағына толықтырулар енгізілді:

Осы Заңда көзделген, құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны және қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Сондай-ақ қызмет бабында қызметкер бағынатын адамға тәртіптік жаза қолдану құқығы берілгеніне не берілмегеніне қарамастан, тәртіптік теріс қылық жасалғаны туралы белгілі болған, мерзім басталатын күн тәртіптік теріс қылық байқалған күн болып есептелетіні нақтыланған.

Сонымен бірге № 136-VII Заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін құқық қорғау органына кір келтіретін тәртіптік теріс қылық ұғымын қамтитын «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылғанын есте ұстаған жөн.

Ақтөбе облыстық соты «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабында көзделген негіздер бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүмкіндігі туралы мәселелерді болдырмау мақсатында «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабын мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтыруды ұсынады: «Қызметкерлер құқық қорғау органында қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабында көзделген негіздер бойынша да тәртіптік жауаптылыққа тартылуға жатады.».

Осы санат бойынша бұрын кассациялық тәртіппен қаралған істердің бірінде (2016 жыл) ІІМ мен Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің (2015 жылғы 11 желтоқсаннан бастап 2016 жылғы 13 қыркүйекке дейін мемлекеттік қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық

атқарушы орган болып табылды) арасында хат алмасу болды, онда ПМ «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабын құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолдану мүмкіндігі туралы мәселе қойды. Оған «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабының 2-тармағында құқық қорғау органдарының қызметкерлері ғана жұмыстан шығаруға жататын теріс қылықтар көзделгені туралы жауап алынды, ал «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда мемлекеттік қызметке кір келтіретін және барлық мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне таралатын жалпы тәртіптік теріс қылықтар белгіленген.

Осылайша, хат авторының пікірінше, құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылықтар жасаған қызметкерлерге қатысты «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның нормалары қолданылады, ал олар мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасаған жағдайда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның нормалары қолданылады.

Содан бері алты жылдан астам уақыт өтті, бірақ іс жүзінде бұл нормаларды дұрыс қолдану мәселелері қалып қойды.

Сонымен қатар, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында тәртіптік теріс қылықтар мен жазалардың түрлері емес, тізбесі толық болып табылатын жұмыстан шығарудың негіздері көзделгенін ескеру қажет. Сондықтан, құқық қорғау органының қызметкерін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабында көзделген теріс қылық үшін жұмыстан шығару үшін «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабында жұмыстан шығарудың осындай негіздемесін дербес ретінде қарастыру қажет.

Құқық қорғау органының қызметкерін «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабында көзделген теріс қылықтарды жасағаны үшін жұмыстан шығарудан басқа, өзге де тәртіптік жауапкершілікке тарту мүмкіндігіне келетін болсақ, мұндай теріс қылықтар үшін жаза түрлері «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 44-бабында көзделгеніне және олар құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 56-бабында көзделген жаза түрлерімен сәйкес келмейтініне назар аударған жөн.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жұмыстан шығарудың жиі қолданылатын негіздерінің бірі - «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген - қызметтік тәртіпті өрескел бұзу болып табылады.

Осы негізде жұмыстан шығарылған қызметкерлердің дауларын дұрыс шешу үшін қызметкер қызметтік тәртіпті бұзғаны үшін жұмыстан шығарыла алмайтынын ескеру қажет, заң шығарушы қызметтік тәртіпті қандай бұзушылықтарды өрескел деп санайтынын нақты анықтау қажет.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 5) тармақшасына сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер – заңнамалық және сатысы бойынша өзге де жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің негізінде және (немесе) оларды орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнамалық актілер болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 7-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жатады.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 7-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ереже нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлеріне жатады. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілер негізгі түрдегі нормативтік құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен біртұтастықты құрайды.

Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы №246 (Заңға өзгерістер енгізілгенге дейін қолданыста болған) бұйрығымен «Ішкі істер органдарындағы қызметін тоқтатқан қызметкерлерді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кадрынан шығару қағидалары» (бұдан әрі – № 246 қағидалар) бекітілген.

№ 246 қағидалардың 24-тармағына сәйкес қызметкерлерді ПО-дан босату туралы бұйрықтарда Заңның 80-бабының 1-тармағында көзделген жұмыстан шығару негіздері көрсетіледі.

№ 246 қағидалардың 14-тармағында қызметтік тәртіпті өрескел бұзушылықтардың толық тізбесі көзделген: бір жұмыс күнінің ішінде үш және одан да көп сағат жұмыстан себепсіз қалу; алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық (оларға ұқсас) мас күйінде қызметке келу, соның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық (оларға ұқсас) мас күйінде болуға әкелетін заттарды қабылдау; ПО қызметкерінің қызметте және қызметтен тыс уақытта алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық (оларға ұқсас) мас күйінде көлік құралын басқаруы жатады.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасымен жұмыстан шығарылған қызметкердің талап қою талаптары қанағаттандырылған апелляциялық сатыдағы сот қаулысын қайта қарау туралы өтінішхаттардың бірінде Қарағанды облысы полиция департаментінің өкілі мынадай уәждер келтіреді - «қазіргі кезде жоғарыда көрсетілген (№246 қағидалардың 14-тармағында) бұзушылықтар ғана өрескел болып табылмайды. Полиция қызметкерлерінің қызметінде еңбек шартын бұзуға болатын көптеген әрекеттер мен әрекетсіздіктер бар. Яғни, жоғарыда көрсетілген өрескел бұзушылықтардың тізімі толық емес».

Сонымен қатар, мұндай уәждерді негізді деп тануға болмайды, өйткені мұндай жағдайда құқық қорғау органы басшысының қалауы бойынша қызметтік тәртіпті кез келген бұзу өрескел деп танылуы мүмкін, бұл қызметкерлердің құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Департаменттің өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

№ 136-VII Заңмен өзгерістер енгізілгеннен кейін «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы мынадай мазмұндағы 2-1-тармақшамен толықтырылды: «Қызметтік тәртіпті өрескел бұзуға қызметкердің қызметтік міндеттерін адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келген тиісінше орындамауы немесе орындамауы, егер бұл әрекеттер (әрекетсіздік) қылмыстық жауаптылыққа алып келмесе; ереуілдерді қоса алғанда,

мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысу, қызметкердің алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде қызметте болуы, оның ішінде жұмыс күні ішінде осындай масаңдануды тудыратын заттарды тұтынуы, қызметкердің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған, қызмет мүдделеріне зиян келтірген қызметтік ақпаратты жария етуі жатады.».

Осылайша, қазіргі кезде өрескел бұзушылықтардың тізюесі заңмен айқындалған.

Қызметкердің бір жұмыс күнінде қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелсіз себеппен қызметте болмауы жұмыстан шығару үшін дербес негіз ретінде («Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 19) тармақшасы), ал алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқару; қызметкердің алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) психотроптық және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін медициналық куәландырудан бас тартуы құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылықтар тізбесіне енгізілген.

Қорытуға келіп түскен істерді талдау соттар «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасымен жұмыстан шығарылған бұрынғы қызметкерлердің дауларын негізінен дұрыс шешкенін көрсетті.

Сонымен қатар, Заңның дұрыс қолданылмау жағдайлары да орын алған.

Мәселен, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 20 сәуірдегі қаулысымен К. жұмысқа қайта алу туралы Павлодар облысының ҚАЖД-іге қойған талабына қатысты іс бойынша Павлодар облысы сот актілерінің күші жойылды.

Іс бойынша К. АП-162/10 мекемесінің кадр саясаты тобының кәсіптік, қызметтік және дене шынықтыру даярлығы жөніндегі инспекторы лауазымын атқарғаны анықталды.

2020 жылғы 08 желтоқсанда талап қоюшыға мекеме бастығының міндетін атқарушы сотталған Н. және М. Екібастұз қаласына жеке автокөлігімен апару тапсырылған. Осы сапар барысында Н. ұрлық жасайды.

Қызметтік тергеп-тексеру қорытындысы бойынша К. «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасымен жұмыстан шығарылады. Оған, оның ішінде сотталғандарды тиісті түрде қадағаламаған деген айып тағылады.

Талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, жергілікті соттар К. сотталғанды алып жүру кезінде тиісті қадағаламауы қызметтік тәртіпті бұзу және оны тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады деген қорытындыға келді.

Сот актілерінің күшін жойып, К-тің талабын қанағаттандыра отырып, Жоғарғы Соттың сот алқасы № 246 қағидалардың 14-тармағына сілтеме жасай отырып, қызметтік тергеп-тексеру қорытындысында, тәртіптік комиссияның шешімінде және жұмыстан шығару туралы бұйрықта

қызметкер жасаған қызметтік тәртіпті бұзушылықтың мәні мен сипаты толық жазылмағанын көрсетті. Талап қоюшы К-тің № 246 қағидаларда санамаланған әрекеттерді жасағанын жергілікті соттар анықтамаған.

Сонымен қатар, талап қоюшының қызметтік міндеттерінің шеңберіне сотталғандарды қадағалау кірмеген, сондықтан соттар талап қоюшының лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген міндеттерді тиісінше орындамағанын анықтаған жоқ. Сондай-ақ сотталғандардың мекемеден тыс жерлерге шығуына рұқсат беру кезінде жауапкердің өзі жіберген бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді ақтайтын негіздер бойынша тоқтату қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту мүмкіндігін жоққа шығармайды

Көкшетау облыстық соты мысал ретінде С-тың жұмыстан шығару туралы бұйрықтың күшін жою туралы Полиция департаментіне қойған талабы бойынша істі келтірді (Көкшетау қалалық сотының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы шешімі және апелляциялық сатының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы қаулысы)

Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облыстық сотының әрбір нақты жағдайда қызметкердің іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаған кезде құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық немесе қызметтік тәртіпті өрескел бұзу белгілері болғанын анықтау қажет деген пікірімен келіскен жөн.

Қызметкерге қатысты қылмыстық іс қозғалғаннан кейін, тәртіптік теріс қылық жасау белгілері болмаған кезде жұмыс беруші «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 38-бабына сәйкес әрекет етуге тиіс.

Заңның 80-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес қызметкер жұмыстан шығарылуы мүмкін:

қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне, қылмыс туралы қылмыстық істің Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатылуына байланысты; *(ескі редакция)*

қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне, қылмыстық істің Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатылуына байланысты *(№ 136-VII Заңмен өзгерістер енгізілгеннен кейінгі редакция)*.

Л. Қостанай облысы Қарабалық ауданы ІІБ тергеу бөлімінің тергеушісі қызметін атқарды.

Бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде Л. жол жүрісі қағидаларын бұзып, нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірген.

Сот үкімімен Л. ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған айыппұл түрінде жаза тағайындалған.

Полиция департаментінің бұйрығымен Л. «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 15) тармақшасы негізінде ішкі істер органдарынан шығарылды.

Жергілікті соттар талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, Л. қатысты заңды күшіне енген айыптау үкімі және оның қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасау фактісі құқық қорғау қызметінде одан әрі жұмыс істеуге кедергі болып табылады деп тапты (Қостанай қалалық сотының 2021 жылғы 13 қазандағы шешімі, Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 09 желтоқсандағы қаулысы).

Сот актілерінің күшін жоя және Л. талаптарын қанағаттандыра отырып, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы (2022 жылғы 15 маусымдағы Згп-205) келесіні негізге алды.

ҚК-нің 10-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Осы баптың 2 және 3-бөліктерінде қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымы берілген.

Атап айтқанда, ҚК-нің 10-бабының 2, 3-бөліктерінің диспозициясында айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылатыны көзделген.

Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

ҚК-нің 10-бабына сәйкес ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық абайсызда жасалған қылмыстық теріс қылықтарға жатады.

Жоғарғы Сот осындай негіздермен Т. жұмысқа қайта алу туралы «Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ-ге қойған талабына қатысты іс бойынша Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2021 жылғы 29 қазандағы шешімінің, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 24 ақпандағы қаулысының күшін жойды (2022 жылғы 06 қазандағы Згп-364).

Көкшетау қалалық соты К. Мамандандырылған күзет қызметі басқармасына қойған талабын қарап, (2022 жылғы 26 қазандағы шешім) өзге ұстанымда болды. Талап қоюшыға қатысты тараптардың татуласуына орай

ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігімен қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылғаны анықталды. Талап қоюшыға бұйрықтың күшін жою туралы талапты қанағаттандырудан бас тарта отырып, сот өз уәжін қылмыстық теріс қылықтар қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынымен, қылмыстық заңнамада бұл санат қылмыспен қатар танылатынымен уәждеді. Демек, соттың пікірінше, қылмыстық теріс қылық бұл, ең алдымен, қылмыс.

Тараптар сот шешіміне шағымданбаған. Алайда сот қылмыс пен қылмыстық теріс қылық арасындағы айырмашылықты көрмегенін атап өткен жөн.

Сонымен бірге сот «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 6-бабы 2-тармағының 6-1) тармақшасына сәйкес қызметке тұрғанға дейін өзіне қатысты үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қызметке орналасқанға дейін үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адам құқық қорғау қызметіне қабылданбайтынын ескермеген.

Осы норманың мазмұны заң шығарушы, егер осындай іс-әрекет үшін айыптау үкімі шығарылған күннен бастап үш жылдан астам уақыт өтсе, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға болмашы зиян келтірген іс-әрекетті жасаған адамның құқық қорғау қызметінде болу мүмкіндігін жоққа шығармайтынын көрсетеді.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қызметкер осы Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді бермегені немесе бұрмалағаны үшін жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Заңның 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес құқық қорғау қызметіне: сотталғандығы бар немесе болған не қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік, әскери қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан теріс себептер бойынша шығарылған, сондай-ақ судья өкілеттігін теріс себептер бойынша тоқтатқан адам қабылданбайды (*қолданыстағы редакция*).

бұрын сотталған не қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептер бойынша шығарылған адам қабылданбайды (*ескі редакция*).

А. 2006 жылы ішкі істер органдарына қызметке қабылданды. 2021 жылғы 10 тамыздағы бұйрықпен талап қоюшы оның қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтерді ұсынбағаны үшін құқық қорғау органдарынан шығарылды.

Талап қоюшы қызметке түскен кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 Ереженің 5-тармағына сәйкес ішкі істер органдарына бұрын сотталған және қылмыстық жауапкершіліктен ақтауға болмайтын негіздер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды

Талап қоюшының 2006 жылы қызметке түскен кезінде бұрын сотталғандардың және қылмыстық жауаптылықтан босатылғандардың ішкі істер органдарына түсуіне кедергі келтіретін заң талаптары болмағаны туралы уәждері негізсіз деп танылды.

Осылайша, талап қоюшыны қызметке қабылдау кезінде «Ішкі істер органдары туралы» Заңның редакциясы (бастапқыда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Жарлығы) қолданылды, онда 15-баптың 10-тармағында бұрын сотталған және ақтауға болмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдарды ІО қызметіне қабылдау мүмкін еместігі де көзделген

Мұндай жағдайларда жергілікті соттардың талап қоюшы мәлімдеген талаптардың негізсіздігі туралы тұжырымдары дұрыс деп танылды (Өскемен қалалық сотының 2021 жылғы 4 қазандағы шешімі және апелляциялық сатыдағы соттың 2022 жылғы 5 қаңтардағы қаулысы). Жоғарғы Сот судьясының қаулысымен сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты кассациялық сатыға беруден бас тартылды (2022 жылғы 28 ақпандағы 3Г-184)

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 16) тармақшасымен жұмыстан шығарылған қызметкерлер өз өтінішхаттарында тәртіптік жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кеткені туралы дәлелдер келтіреді.

Осыған байланысты «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 1-бабы 15) тармақшасының мазмұнынан тәртіптік теріс қылықты құқық қорғау органдарының жұмыс істейтін қызметкері ғана жасай алатынын ескеру қажет, ал Заңның 6-бабында құқық қорғау қызметіне тұру шарттары көзделеді.

«Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 29-тармағына сәйкес Қызметке кіру кезінде жоғарыда аталған мәліметтерді көрсетпеу немесе қасақана бұрмалап көрсету тәртіптік теріс қылық ретінде бағаланбайды, осыған орай осындай жұмыскермен еңбек қатынастарын тоқтатқан кезде тәртіптік жазаның ескіру мерзімін қолдануға жол берілмейді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеке медициналық мекемелерге жүгіну құқығы туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 77-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауға құқылы.

Сонымен қатар, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 70-бабына сәйкес қызметкерлерді медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің құқық қорғау қызметін өткеру орнында немесе тұрғылықты жерінде ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнаулы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша қызметкерлерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Денсаулық туралы кодекстің 11-бабы 1-бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

ҚР Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 781 бұйрығымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-медициналық (медициналық) бөліністерінде әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – № 781 қағидалар) бекітілді.

№ 781 Қағидалардың 12-тармағына сәйкес Ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары ұсынбайтын ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу үшін контингент алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне тіркеледі.

№ 781 Қағидалардың 25-тармағына сәйкес құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің басқа денсаулық сақтау мекемелері берген еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақтар немесе анықтамалар емдеу аяқталғаннан кейін төрт күн ішінде ПО медициналық ұйымдарында тіркелуге жатады.

Осылайша, құқық қорғау органының қызметкеріне ПО медициналық ұйымдарынан өзге медициналық мекемелерге жүгінуге тыйым салынбайды, бірақ ол емдеу аяқталғаннан кейін төрт күн ішінде ПО медициналық ұйымында еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы тіркеуге тиіс. Бұл талапты құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін шектеулердің біріне жатқызуға болады.

Бұдан басқа, медициналық мекеме еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақты беру кезінде қолданыстағы заңнамада, оның ішінде ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-

198/2020 бұйрығымен бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларымен; ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларымен белгіленген талаптарды сақтауы тиіс.

Практика көрсеткендей, құқық қорғау органдарының қызметкерлері тәртіптік жауапкершіліктен жалтару мақсатында өз құқықтарын теріс пайдаланады және оларға қатысты жаза қолдану туралы бұйрық дайындалып жатқанын біле тұра, ПО медициналық ұйымында қажетті мамандардың болуына қарамастан, жеке мекемеде шұғыл түрде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ашады, әдетте бұл туралы құқық қорғау органының басшылығына хабарланбайды. Жауапкерлер еңбекке уақытша жарамсыздық парағының бар-жоғын тек сот отырысында біледі.

АК-нің 8-бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидастарын сақтауға тиіс. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді. Ешкім де өзінің теріс пиғылды мінез-құлқымен артықшылық алуға құқылы емес.

Көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға өзіне берілген құқықты қорғаудан бас тарта алады.

Осыған байланысты соттар қызметкердің жұмыс орнында болмауының немесе уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде бұйрық шығарудың заңдылығы туралы мәселе туындайтын әрбір нақты істі шешкен кезде істің барлық мән-жайларын анықтап, қызметкерлердің іс-әрекеттеріне тиісті құқықтық баға беруі тиіс.

Мысалы, Атырау қалалық сотының 2021 жылғы 15 қарашадағы шешімімен Д-ның Атырау облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасына «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы бойынша талап қоюшы жұмыстан шығарылған бұйрықты заңсыз деп тану туралы қойған талаптары негізді түрде қанағаттандырылды.

Сот талқылауы барысында талап қоюшының емделіп жатқаны (онкологиялық ауру) анықталды, бұл Атырау қаласының №4 емханасы негізді түрде берген еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарымен расталады. Сонымен қатар, талап қоюшы емдеіп жатқаны туралы өзінің тікелей басшысына хабарлаған.

Осылайша, сот талап қоюшының дәлелді себептермен жұмыста болмау фактісін анықтады.

Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің бұйрығымен тергеуші К. қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін атқарып отырған қызметінен босатылды.

К. бұйрықтың күшін жою туралы талабын негіздеу ретінде бұйрық шығарылған күні, яғни 2020 жылдың 15 шілдесінде емдеуде болғанын көрсетті.

Сот талқылауы барысында К. 2020 жылдың 29 маусымы мен 14 шілдесі аралығында емделіп жатқаны анықталды. 2020 жылдың 15 шілдесінде жұмыста болған және түскі асқа дейін өткен тәртіптік комиссияның отырысы туралы ескертілген. Түстен кейін талап қоюшыны атқарып отырған қызметінен босату туралы бұйрық шығарылды.

К. 2020 жылдың 15 шілдесінде бұйрық шыққанын біліп, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ашқан.

Осылайша, сотта уақытша еңбекке жарамсыздық парағы бұйрық шығарылғаннан кейін ашылғаны анықталды, бұл талап қоюдан бас тартуға негіз болды (Тараз қалалық сотының 2021 жылғы 26 ақпандағы шешімі, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 12 мамырдағы қаулысы).

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 06 қыркүйектегі қаулысымен К-тың Полиция департаментіне жазалау туралы бұйрықтың күшін жою және бұрынғы лауазымына қайта алу туралы талап қоюына қатысты іс бойынша Өскемен қалалық сотының 2022 жылғы 16 ақпандағы шешімі күшінде қалдырылып, Шығыс Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сатысының 2022 жылғы 28 сәуірдегі қаулысының күші жойылды.

Өз талаптарының негізі ретінде К. жазалау туралы бұйрық 2021 жылдың 16 қарашасында еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде шығарылғанын да атап өтті.

Апелляциялық сатыдағы сот талап қоюшының «Шығыс Қазақстан оңалту орталығы» ШЖҚ КМК берген 2021 жылғы 16-30 қараша аралығында еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парағын назарға алды, оның болуы 2021 жылғы 16 қарашадағы жаза туралы бұйрықты заңсыз деп тануға негіз болды.

Сонымен қатар, сотта бұйрық шығарылған күні 2021 жылғы 16 қарашада К-тың қызметтік міндеттерін атқару кезінде қызметте болғаны анықталды, бұл жүргізілген бейнежазбамен және тиісті актілермен расталды. Сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын заңсыз беру фактісі анықталды. К. аталған медициналық мекемеге бекітілмеген, соңғының еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беруге құқығы жоқ.

Жұмыстан шығару туралы бұйрықты даулау қажеттігі

«Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 10-тармағына сәйкес Жұмыс берушінің актісінде Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын тоқтату үшін негіз көрсетілуге тиіс. Осыған байланысты соттардың жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату немесе бұзу туралы актісін жарамсыз деп танығаны және одан кейін жұмыскерді жұмысқа қайта алу мәселесін шешкені жөн.

Осы түсіндірмені басшылыққа ала отырып, Алматы қаласының соттары К-тың Полиция департаментіне, сондай-ақ С-тың ПМ Алматы академиясына лауазымдарын қалпына келтіру туралы қойған талаптарын талап қоюшылар бұйрықты жарамсыз деп тану туралы талапты мәлімдемегендіктен, талап мерзімінен бұрын мәлімделген деген негіздер бойынша қанағаттандырудан бас тартты. Бұл ретте соттар талап қоюшылардың бұйрықты даулау туралы талаппен жүгіну мүмкіндігінен айырылмағанын түсіндірді.

Осыған байланысты соттарға АПК-нің 15-бабының 3-бөлігін басшылыққа ала отырып, әуре-сарсаңға салуды және сотқа қайта жүгінуді болдырмау мақсатында талап қоюшыларға талап қою талаптарын нақтылау және толықтыру қажеттігі туралы түсіндіруді ұсыну қажет.

Қызметтік тергеп-тексеру қорытындыларына, тәртіптік комиссиялардың шешімдерін және Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдерін даулау

Аталған барлық актілерде, әдетте, мемлекеттік қызметшілерді немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша ұсынымдар бар. Түпкілікті шешімді басшы бұйрық шығару жолымен қабылдайды. Сондықтан ұсынымдары бар аталған актілерді даулау туралы талап қою талаптары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 58-бабы 6-тармағының 3) тармақшасында қамтылған қызметкердің қызметтік тергеп-тексеру жүргізетін қызметкерлердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), қызметтік тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған құқық қорғау органының басшысына немесе уәкілетті басшысына шағымдану құқығы қызметтік тергеп-тексеру қорытындысының өзіне сот тәртібімен шағымдану мүмкіндігін білдірмейді.

Кассациялық сатының 2023 жылғы 14 ақпандағы қаулысымен іс бойынша жаңа шешім шығара отырып, Ақмола облысы Бұланды аудандық сотының 2022 жылғы 03 тамыздағы шешімі мен Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 19 қазандағы қаулысының күші жойылды.

Т-тың аудан әкіміне қойған өкімді заңсыз деп тану және күшін жою туралы талабы қанағаттандырылды.

Тәртіптік комиссияның шешімін заңсыз деп тану туралы талап бөлігінде іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата отырып, алқа Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 68, 72-тармақтарына сәйкес тәртіптік комиссияның мемлекеттік қызметшіге қатысты тәртіптік сипаттағы шараларды қолдану туралы шешімі ұсынымдық сипатта болатынын, тәртіптік жаза қолдануға өкілеттігі бар адамның қарауына берілетінін, тиісінше, тәртіптік комиссияның шешімі оған қатысты қабылданған адам үшін қандай да бір құқықтар жасамайтынын және ешқандай міндеттер жүктемейтінін көрсетті. Сондықтан тәртіптік

комиссияның әрекеттері мен шешімі сот тәртібімен бөлек даулауға жатпайды.

Қорытындылар

Бүгінгі таңда соттар негізінен осы санаттағы дауларды дұрыс шешеді, бірақ материалдық құқық нормаларын дұрыс түсіндірмеуге, қолдануға жатпайтын заңды қолдануға немесе қолдануға жататын заңды қолданбауға байланысты қателіктер кездеседі.

Мұндай қателіктер көбінесе соттар «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 50-бабын және «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 80-бабын қолданған кезде кездеседі.

Жоғарғы Соттың

азаматтық істер жөніндегі сот алқасы